

«Мектепке жол акциясының орындалуы» 2014-2015 оқу жылы.



Республикалық «Мектепке жол» акциясы биыл «Балаға мейірім сыйла!» ұранымен 1 тамызда басталып, 30 қыркүйекке дейін өткізілуде. Акция аясында біздің елде жеке кәсіпкерлер мен ұйымдар басшылары әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балаларына қамқорлық көрсетуді дәстүрге айналдырған. Алтыншы жыл ұйымдастырылған бұл акция біздің №6 Хромтау гимназиясында

да үлкен қолдауға ие болып отыр.

«Мектепке жол» акциясы шарасының алғашқы күнінде қаладағы жеке кәсіпкерлер балалардың әлеуметтік себептермен мектепке бара алмауының алдын алуды көздейтін акция шеңберінде тұрақты демеушіміз «Берік» дүкенінің иесі Ысқақ Гүлнар Орынбасарқызы гимназиямыздың 5 білім алушысы



Мұңсызбай Нұрай 9 класс, Райсова Ақмарал 9 класс, Утегалиева Римма 9 класс, Жасұланова Айгерім 6 класс, 6-шы класс білім алушысы Қожабергенава Гузельге мектеп формасы мен оқу құралдарын алуға демеушілік етті. Сонымен қатар жеке кәсіпкер «Алишер» дүкенінің иесі

Агыбаева Керемет көп балалы және аз қамтылған отбасынан шыққан бес білім алушыға спорттық киімдер мен мектеп формасын алуға демеушілік етті. Утегалиева Римма секілді бірнеше балалар, ата-



аналар демеушілерге көрсетіліп жатқан игі шара ұйымдастырушыларына, жомарт жандарға ризашылықтарын жеткізді.

Акция аясында Хромтау аудандық ветеранарлық бақылау және қадағалау комитеті мемлекеттік мекемесі ата –анасының

қамқорлығынан айырылған Райсова

Ақмаралға және көп балалы отбасынан шыққан Жасулан Нурисламға және әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан Күзембай Гүлнұрға мектеп формасы мен аяқ киім және оқу құралдарын табыс етті.



«Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көрерсің» дегендей қаламыздағы жеке кәсіпкерлер игі шараға бір кісідей

жұмылып, балаларға қолдау көрсетті. Олар Баян сауда орталығы және Хромтау аудандық жұмыс берушілер мен кәсіпкерлер бірлестігінің төрайымы Ш.Ж. Измұратова

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, жан-жағына жақсылық жасап, жарымжан жандардың жанын жадыратуға себепші болған барлық кәсіпкерлерге, ұстаздарға, ата-аналарға алғысымызды білдіреміз.

Акция нәтижесінде, барлығы он үш білім алушы мектепке баруына қолдау көрсетіліп, көмек берілді.



Орындаған: Әлеуметтік педагог Нуртазина М.О.
Тел: 27-7-47